

В НОМЕРЕ:

2

**«Театральный
БАТТЛ»**

4

**Ақынын
ұлықтаған ел
бақытты**

13

**Отряд
увлеченных**


ГАЗЕТА
ПАВЛОДАРСКОЙ
ОБЛАСТНОЙ
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ
ОРГАНИЗАЦИИ

№№21-22

(304-305)

от 30 ноября
2019 года

сенің әлемің



«Сенің әлемің» - сенің газетің!



**Уважаемые читатели! Ждем ваших сочинений, заметок,
сказок, эссе, стихотворений, рисунков на тему
«Здравствуй, Новый 2020 год!»**



№№21-22
(304-305)

от 30 ноября
2019 года

8 ноября в нашей школе прошло мероприятие, посвящённое осени. О празднике мы узнали за три дня до начала. Вместо того чтобы торжественно объявить о приближающемся событии и раздать поручения, классный руководитель переслала нам (из командировки!) фотографию от организатора, на которой непонятным почерком были написаны задания. Нам предстояло ОДНИМ готовиться к празднику!

После «расшифровки» мы распределили обязанности. Кто-то решил стать моделью, а кому-то было интереснее играть в сценке или танцевать. Мне досталось изготовление корзинки «Осенние дары».

Мы придумали сказку о Мистере и Мисс осень, попавших на Хеллоуин к жителям леса. Еще был поставлен танец, исполненный ученицами нашего класса под популярные треки. А те, кому не досталось ролей, были художниками-декораторами. А Тихий Максим попробовал себя в роли звукорежиссера.

Третьим этапом было создание корзинки. Это задание досталось мне, но появилась такая проблема: у нас нет корзины. Помогая маме по дому, я подумала: «Почему бы не использовать ведро?» Так мы и нашли выход из ситуации. Обклеили ведро, по форме напоминающее искомый предмет, «осенними листьями», вырезанными из

Праздник осени в школе



бумаги и дружно раскрашенными декораторами. Поскольку осень в нашем классе ассоциируется со школой, мы наполнили нашу «корзинку» школьным принадлежностями. У нас получилось креативное домашнее задание, которое понравилось судьям. После награждения нас ждала дискотека.

Итак, мы проявили самостоятельность, раскрыли творческие способности и научились находить выход из сложных ситуаций.

**Богомолова Даша, 8 «А» класс,
пресс-центр СОШ №14
г.Павлодара**

У нас в школе был осенний бал. Участвовали 8, 9, 10 и 11 классы. Мы очень ждали этот праздник. Я и моя одноклассница Юля были ответственными за выступление нашего класса.

Всё началось с того, что мы решили поставить сценку, а не та-

нец, как у других. Юля написала сценарий, я его отредактировал и распечатал.

На следующий день мы долго выбирали, кто кем будет, и, в конце концов, определились. С этого же дня мы начали репетиции. Репетировали мы, как могли и где могли, вплоть до школьного коридора. Но потом я договорился с учителем музыки, ди-джем Светланой Анатольевной, о репетиции в актовом зале. Она без всяких проблем согласилась и предоставила нам зал и аппаратуру.

Я должен был играть одну маленькую роль в сценке, но Светлана Анатольевна предложила мне стать ди-джемом на этом празднике и на дальнейших мероприятиях тоже. Я не мог от этого отказаться, так как долго ждал этого момента. Моя роль в сцене была не столь важна, поэтому мы приняли решение убраться. Репетиции у нас проходили после уроков. То есть мы уходили домой, кушали, переодевались, и снова приходили на репетицию. Сидели в школе до 6 часов, так как другие классы тоже захотели порепетировать в актовом зале.

В последний момент Юля захотела добавить после сценки танец, ведь на творческое задание давалось максимум 15 минут. Согласились танцевать только 4 девочки, в том числе и Юля. Короче

говоря, мы репетировали, репетировали и репетировали.

Настал «День ИКС». Мы готовили последние декорации, всё украшали... Вот уже все собрались в зале, расселись по местам. Ведущие начали праздник.



Провели жеребьёвку: наш класс выступал третьим.

... Ну, вот и всё, мы выступили, всё прошло отлично. Посмотрели на выступления других классов. Первое место мы не заняли, но грамоты получили все участвующие классы. Мы не расстроились, но в следующем году мы станем лучше!

После осеннего бала, аппаратуру из актового зала перенесли в холл. И началась дискотека.

Лично мне всё очень понравилось, особенно быть ди-джемом. Дискотека тоже была весёлой: все танцевали и подпевали.

**Тихий Максим, 8 «А» класс,
пресс-центр СОШ №14
г. Павлодара**

«Театральный БАТТЛ»



«Театр – это средство для общения людей, это чудо, способное развивать в ребёнке творческие задатки, стимулировать развитие психических процессов, формировать творческую активность», – говорил К. С. Станиславский. В рамках реализации программы «Рухани Жаңғыру» и школьного проекта «Бір шаңырақ» с 11 по 14 ноября 2019 года актовый зал средней общеобразовательной школы № 13 г.Павлодара превратился в настоящий театральный, где проходил «Театральный БАТТЛ» – неделя театра по произведениям сказок разных народов. Конкурс театральных постановок проходил среди учащихся 2-4х классов. В завершении недели прошло подведение итогов по каждому конкурсному дню, награждение победителей по каждой параллели классов.


Этот проект объединил в себе различные виды театрального мастерства, позволил участникам обменяться творческим опытом. Во время баттла каждый

примерил на себя как роль артиста, так и роль зрителя. В основе программы «Театральный баттл» представлены такие виды деятельности как актерское мастерство, театральные игры, постановка сценических номеров с национальным колоритом, основанным на региональном компоненте. Проект направлен на продвижение культурного наследия, его сохранение и преумножение, формирование нравственных ценностей у подрастающего поколения посредством театрального искусства и активного вовлечения их в данную среду. Для участия в мероприятии приглашена Черемисина Елена Викторовна – режиссер Павлодарского театра ростовых кукол «Страна чудес».

Мероприятие вызвало бурю положительных эмоций как у учащихся школы, так и у родителей. Ведь не каждый день ты на сцене в роли артиста!

**Майлакова Н.Ю.,
учитель начальных классов
СОШ № 13 г.Павлодара**

Брейн-ринг: играют умники и умницы



У аксуских лицеистов вновь появилась возможность блеснуть своей эрудицией в интеллектуальной игре «Брейн-ринг», которая прошла в рамках Программы «Рухани жаңғыру» в библиотеке школы-лицея.

Интеллектуальные игры проводятся на различные темы. На этот раз тема игры звучала так: «Полязгычы – это модно!». Во время игры на столах – никаких учебников, в карманах нет шпаргалок, да и интернет здесь не помощник. Всего минута на размышление, как у настоящих знатоков из телевизионного клуба «Что? Где? Когда?». Мероприятие проводилось между 7-ми классами.

Все игровые раунды показали ребятам, что ответы на многие вопросы требовали не только знаний в различных областях, но и логического мышления. Вопросы были и серьёзные, и шуточные. Когда команды не могли дать правильный ответ на заданный вопрос, участники команд, ждущие своей очереди, просто взрывались от желания высказать своё мнение по той или иной теме. Никто не хотел выглядеть «незнайкой» на фоне своих соперников!

– Вопросы не очень сложные, но многие заставляли задуматься, ответ не сразу приходит в го-

лову, – рассказывают участники состязания из 7 «М» и 7 «Н» классов. – Мы участвуем в игре первый раз, испытали неопишуемые ощущения и чувство восторга. И, знаете, планируем участвовать в следующих играх!

Команды отвечали на самые разные вопросы: о русском и английском языках, интересных фактах из биографии известных писателей и художников, о творчестве группы «Битлз». Ребята выяснили, для чего в Лондоне телефонные будки и автобусы выкрашены в красный цвет, название детской книги-бестселлера, автора музыки к анимационному фильму «Король-Лев», а также нашли ответы на многие другие задания ведущего.

Состязания показали, что дух этой замечательной игры жив в нашем лицее, форма очень привлекательна для школьников, поэтому она прошла на одном дыхании, а противостояние оказалось азартным и умным. Сильнейшие показали знания практически во всех областях русского и английского языков. Хочется, чтобы эта игра не только развивала интеллектуальный потенциал нашей молодёжи, но и укрепляла связи между командами разных классов, а также приобрела высокую репутацию в молодёжной среде.

Участникам очень понравилось, конкурс дал много интересной и полезной информации, и зарядил всех позитивным настроением!

**Белкина Е.В., учитель русского языка и литературы
КГУ «Школа-лицей города Аксу»**



Помним и чтим семейные традиции

Семья - это самый родной и близкий круг людей. Семья получается, когда родители и дети понимают, уважают и любят друг друга. И конечно, семья - это то место, где обучают человека человечности. В Жетекшинской СОШ г.Павлодара семейному воспитанию уделяется особое внимание, поэтому в рамках программы «Рухани жаңғыру» проводился конкурс «Традиции моей семьи». Участвовали семьи Амиржановых, Айтмуханбетовых, Малаевых и Мазаевых. Оказывается, семейных традиций великое множество. И у каждой семьи они свои. Ведь традиции обязательно должны быть в каждой семье для укрепления семейных взаимоотношений. Каждая семья представила свою родословную, угощали гостей своими любимыми блюда-



ми. Затем все узнали о традициях в каждой семье. Например, походы в кино, цирк, зоопарк с последующим обсуждением увиденного всей семьей расширяют кругозор и создают радостное, безграничное и увлекательное общение друг с другом. Совместные занятия спортом укрепляют физическое здоровье всей семьи. Прогулки и поездки за город всей семьей в любое время года дают незабываемое чувство восторга от общих впечатлений и обладают мощной энергетикой сближения всего семейства в одно не-

повторимое целое. Этот конкурс еще раз доказывает, что если в семье нет своих традиций, то говорить о сплоченности здесь не приходится. Любое действие, сформировавшееся в семье, за какой - то промежуток времени, становится семейной традицией. И со временем появляются все новые и новые традиции. Важно выбрать то, что нравится всем в семье - и детям, и взрослым. В каждой семье, которые принимали участие в конкурсе, несколько семейных традиций, которые делают ее неповторимой, дружной, счастливой, где царит взаимная любовь и уважение каждого домочадца друг к другу. Почти все семьи весело отмечают дни рождения всех членов семьи. Приглашают близких и любимых для них людей. Еще все любят весело

отмечать новогодние праздники. Собираются всей семьей, обмениваются подарками, готовят много разных, новых блюд, пускают праздничные салюты. Выяснилось, что у нас в школе много дружных и счастливых семей.

Необходимо помнить и чтить семейные традиции, ведь это то, что переходит в семье от одного поколения к другому; это то, что объединяет всех членов семьи, делая их жизнь радостней и веселее. Именно семейные традиции играют особую и важную роль в сплочении семьи, образовании вокруг нее пространства любви, придании семейной паре и их детям чувства стабильности, уверенности и защищенности.

Кох В.И.,
учитель Жетекшинской
СОШ г.Павлодара

Голос Великой Степи



В школе-гимназии №9 был проведен вокальный фестиваль «100 казахских песен». Фестиваль прошел в рамках празднования 175-летия великого казахского мыслителя, философа, поэта-просветителя Абая Кунанбаева.

Фестиваль патриотической песни «100 казахских песен» проводится с целью духовно - нравственного, гражданского и патриотического воспитания школьников. Задачами фестиваля являются: выявление и поддержка талантливых школьников, сохранение лучших отечественных традиций сольного и ансамблевого пения, формирование у молодежи уважительного отношения к Родине, ее истории, культуре, традициям.

Участниками фестиваля стали учащиеся 4 и 5 классов: 4 а - Имангулов Аргын, 4 б - Кабнасыров Кирилл, 4 г - Нурахметов Асанали, 5 а - Матенов Алишер, 5 б - Шрейдер Арина, 5 б - дуэт

Амангельды Карина и Адина, 5 в - квинтет Манарбек Батырхан, Елунина Виктория, Гизитдинова Кристина, Гоношенко Кира, Решетникова Полина, 5 д - трио Карман Виктория, Альбеков Арсен, Колесниченко Полина, 5 е - дуэт Цветкова Ева, Жаканова Дамира, 5 з - Амангельды Самира, Имангазина Асем, Кожахмет Айнара, Магауова Гульдана. Ребята исполняли песни на государственном языке, в том числе прозвучала песня на стихи Абая Кунанбаева «Айттым сәлем, Қаламқас» в исполнении Шрейдер Арины. Помимо песен, на школьной сцене прозвучал кюй в исполнении Нурахметова Асанали.

Оценивало наших участников компетентное жюри, в состав которого вошли: Тлеугабылова Н.Е., Шмаргай К.В., Габдушева К.Ж., Игликова Н.Б. Были отмечены соответствие репертуара тематике конкурса и возрасту исполнительницы, мастерство исполнителя, артистичность, сценический образ, сценическая культура и костюм. Все участники фестиваля подарили огромную радость зрителям. Каждый участник был награжден грамотой и стал победителем в своей номинации.

Пресс-центр
школы-гимназии №9
г.Павлодара

Наша «Гусинка»



Мы советуем всем жителям города и его гостям побывать на уникальном памятнике природы «Гусиный перелет». На осенних каникулах мы ходили туда на экскурсию всем кружком. Это замечательное место: рядом Иртыш, Набережная. Даже не верится, что на этом месте когда - то было море. Макеты редких животных стоят в натуральную величину

вдоль каменной тропы по берегу реки. Узнать их названия можно по установленным рядом табличкам. Сейчас, когда выпал снег, смотреть на них еще интереснее. Мы с удовольствием слушали экскурсовода Надежду Майба и сфотографировались на память.

Пресс-центр
газеты
«Большая перемена»
СОШ№43

Мои маленькие изобретения - LEGOландия



В современном Казахстане большое внимание уделяется развитию технического творчества. Как отметил Елбасы Н.А. Назарбаев: «Мы должны получить личность, способную к самообучению, к самосовершенствованию, саморазвитию, к самореализации». Робототехника является одним из важнейших направлений научно - технического прогресса, в котором проблемы механики и новых технологий соприкасаются с проблемами искусственного интеллекта. Создать благоприятные условия для практической реализации интеллектуального и творческого потенциала в области робототехники и информационных технологий способствует

мероприятие «Мои маленькие изобретения - LEGOландия», которое прошло 15 ноября на базе школы № 13 г. Павлодара, под руководством учителя информатики Блок Натальи Леонидовны. В рамках программы в актовом зале среди учащихся начальной школы и пришкольного мини-центра прошла творческая выставка «Мои маленькие изобретения - LEGOландия». Где каждый участник презентовал свою работу с практической направленностью, какую пользу в будущем его работа может принести обществу.

Мероприятие направлено на продвижение основных аспектов программы «Рухани жаңғыру» и статьи «Семь граней великой степи», приобщение учащихся начальной школы к творческой, изобретательской деятельности; выявление детей со способностями технического творчества.

Блок Н.Л.,
учитель информатики и
руководитель кружка
«Робототехника»
СОШ № 13 г.Павлодара

Клуб национальной кухни «AsTaY»



15 ноября в СОШ № 13 г.Павлодара состоялось очередное занятие клуба национальной кухни «AsTaY» - Ас Тамактанатын Үй, среди учащихся 3 классов. Сегодня прошло очередное занятие клуба «AsTaY» под руководством Кошановой Асель Канатовны. Работа клуба способствует сохранению традиционных семейных ценностей. Приобщению к традициям национальной культуры

через национальную кухню. Воспитанию интереса к самостоятельному творчеству. На занятие была приглашена Садвакасова Зейнепгоран Садидулиновна, которая передавала детям свой опыт, знания в приготовлении баурсаков. Прежде чем приступить к изготовлению, дети прошли теоретический блок в виде игры - викторины «Бауырсақ», а затем собственными руками приготовили и испекли баурсаки. Закончилось мероприятие общим чаепитием, где дети высказали свои пожелания друг другу и поделились эмоциями. Ждем с нетерпением очередного занятия клуба!

Кошанова А.К.,
учитель казахского языка и
литературы
СОШ № 13 г.Павлодара



№№21-22
(304-305)

от 30 ноября
2019 года

Дүниежүзілік балалар күні 20-қараша күні екені баршамызға мәлім. Осыған орай Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы қабылданғанының 30 жылдығы мен ратификацияланғанының 25 жылдығын мерекелеу арналған «БАЛАЛАР ҮШІН БІРГЕ» атты ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ барлық білім ордаларына жолданған болатын.

Ағымдағы қараша айының 13-ші жұлдызы күні барлық мектептерде «Қазіргі және болашақ: әр бала үшін қорғалған балалық шақ» тақырыбында дүниежүзілік сабақтар өтті. Аталмыш шара



Железин №3 жалпы білім беретін орта мектепте де жүргізілді. Сабақ материалдарын ЮНИСЕФ әзірлеген және 2030 жылға қарай көргісі келетін әлемнің негізін анықтауға және құруға

көмектесуге бағытталған. Балалар сабақта балалар құқықтарының призması арқылы «балалық шақтың» мәнін, сондай-ақ біздің болашақты құруда табиғат қандай рөл атқарады және баланың сандық дағдылары өз міндеттерін жүзеге асыруға қалай көмектесе алады деген ойдың маңыздылығымен ұйымдастырылған ашық сабақты Железин ауданы әкімінің орынбасары Мукушева Айгүл

Абайқызының қатысуымен өтті. Сабақ 2-4 сыныптардың бірлесуімен, бастауыш сынып мұғалімі М.А.Джусупованың бастамасымен 4 кезеңмен өтті.

Сабақты үшінші кезеңінде оқушылар «Қазақстан балалары-нұрлы жолмен!», «Бізді конвенция қорғайды!», «Біз бақытты балалармыз!» постер жұмыстарын жасады. Сабақ соңында «Тәуелсіз ел ұландары!» атты әсем әуен орындады.

Железин№3 ЖББ орта мектеп
С.Сеулханова

Эко сағат бүгіннен баста!



Әдістемелік құрал бойынша мектепте «ЭКОсағат» тақырыбымен 2-4 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға қазіргі таңдағы адамзат баласының алдында тұрған экологиялық проблемалар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, экологиялық тәрбие беру. Табиғатты сүйе білуге, бүлдірмеуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу және экологиялық аймақтар туралы мәлімет беру болып табылады.

Сабақ барысында Қазақстанның әр өңірінің табиғаты көрсетіліп, экологиялық аймақ аталу себебі туралы түсіндірілді. Экологиялық аймақтың бірі-Арал қаласы туралы бейнеролик

көрсетіліп, оқушылар Ш.Сариевтің «Аралдан ұшқан аққулар» әнін орындады, Семей қаласының полигоны туралы мәліметтер беріліп, «Қара бауыр қасқалдақ» әнін орындады. «Эко сағат бүгіннен баста!» ұранымен арнайы бейнероликтер көрсетіліп,

оқушылармен Қазақстанның экология туралы әңгіме жүргізілді. Сондай-ақ «Экология балалар көзімен» тақырыбымен әр сыныптар арасында сурет конкурсы ұйымдастырылды. Мектебімізде «Гүл науқаны» акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Әр оқушы өзінің сыныбына өз гүлін әкеліп, жыл бойы күтіп, баптап өсіреді, соңғы қоңырауда үйге алады. Осылайша 11 жыл өсірген гүлін мектепке естелікке қалдырады.

Оқушылардың, ата-аналардың, педагогикалық ұжымның бірлескен көгалдандыру жұмыстары арқылы тұлғаның еңбек, рухани-адамгершілік да-

муы негізінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектеп ауласына көшеттер отырғызу науқаны өтті. 11 жыл бойы өмірінің көп бөлігін өткізетін баланың екінші үйі, ол бірінші сынып оқушысы кезінде, мектептегі балалардың өсуі және өмірдің нышаны болып табылатын, мектепте ауаны ластанудан тазартқыш - ағаш отырғызу дәстүрін қалыптастыру мақсатында өткізілген шарада 11 жылдан соң мектеп түлегі, өзі отырғызған ағаш күтімін мектебіне тапсырады, мүмкіндігінше өз ағашына күтім жасау үшін туған мектеп қабырғаларына барып тұрады, мақтаныш сезіміне бөленеді, өйткені ол мектепте қоршаған ортаны қорғау жұмысының нәтижесіне жету үшін өзінің естеліктерінің бір бөлігін тастап кетеді.

Табысты ел мен ұлт болашағының кепілі экология саласындағы мемлекеттік саясаты өзгерту, экономиканы «жасыл жолдарға» қайта бағыттау және

орталықтандырылған желілердің ресурстық тиімділігін арттыру екені баршамызға мәлім.

Бар үміт өскелең ұрпақ – бүгінгі балаларда. Олардың жарқын болашағы қалыптасқан өмір салтымызды өзгерте алатынымызға, табиғат сыйға тартқан бар байлықты аса ұқыппен пайдалана білуімізге байланысты болмақ. Қозғалыс бала кезден



бойына сіңірілген экологиялық мәдениет негіздері ересек өмірде жалпы қоғам іс-әрекетінің жауапкершілігіне мықты іргетас болады дегенге сенім білдіріп отыр.

Железин №3 ЖББ орта мектеп

Мақсатымыз – дені сау ұрпақ тәрбиелеу



«Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» деп бекер айтылмаған. Олай болса, еліміздің болашағы – жас ұрпақ! Балаларымыздың әрбір бағындырған биік шыңы ұстаздардың еңбегі. Қатал тәртіп пен үлкен күш-жігерді талап ететін спортқа ден қоятындардың саны күн сайын артуда. 2006 жылдан бастап биік тұғырды бағындырар жолда жас спортшыларды тәрбиелеп отырған Көктөбе ауылының Аудандық Оқушылар үйінің «Азимут» спорт бағдарлау үйірмесінің жетекшісі Кудайбергенов Куандық Қайрұлы. Жыл сайын аудандық, облыстық турнирлерге қатысып, қатысушылары жетістіктерге жетіп, жүлделі орындарға ие болады.

Исабаев Мирлан 2013 жылдан бастап Азимут спорт

бағдарлау үйірмесіне қатысып, үздік оқушыға айналды. Алғаш рет 2014 жылдан бастап жарысқа қатыса бастады. Аудан, облыс көлемінде өтетін жарыстарда Қазақстан жүлдегері А.Дьяченко мықты қарсыласы болғандықтан, Мирлан үш рет II орын алды.

Біздің Мирлан еңбексүйгіш, батыл, белсенді, алға қойған мақсатына жететін тұлға. Осы қасиеттерінің арқасында Мирлан 2019 жылдың 6 қазан күні жыл сайын өтетін Л. Кольцова, А. Кольцова еске алуға арналған спорттық бағдарлау бойынша ашық қала турнирінде I орынға ие болды.

Осындай азаматтарды тәрбиелеп жатқанына, өз үлесін қосқаны үшін Куандық Қайрұлына ерекше алғысымызды білдіреміз! Ауданымыздың спортшылары биік шыңнан көріп, мақтан тұтып жүрейік! «Дүние жастан құрылып қана қоймайды, содан бастап құлайды» деп орыс ойшылы И.Ильин айтқандай, дүниені құлататын емес, құрайтын жастарымыз көп болсын!

Май ауданы, Көктөбе ауылы Аудандық оқушылар үйінің педагог-ұйымдастырушысы Н. Шаймарданова

Ақынын ұлықтаған ел бақытты



8 қараша күні № 2 мектептің мәжіліс залында «Рухани жаңғыру»

бағдарламасы аясында оқушыларды Ертіс өңірінің қазіргі заманғы ақындары мен жазушыларының шығармашылығына тарту арқылы ұлттық бірегейлікті дамыту, олардың әдеби мұрасына деген сүйіспеншілік пен құрметке баулу мақсатында «Ақынын ұлықтаған ел бақытты» әдеби сазды кеші өтті.

Аймағымыздың ақыны, журналист, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі - Арман Қани Бахтанұлы, ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ертіс» телеарнасының ардагері - Шолпан Байғалы кешіміздің қадірлі қонағы болды.

Аталмыш мерекеге мектеп

әкімшілігі, ұстаздар, 6-7 сыныптың оқушылары қатысты. Оқушыларға жерлес ақындарымыз Арман Қани және Шолпан Байғалы өздері туралы қызықты әңгімелер айтып, өлеңдерін оқыды. Оқушылар ақындар өмірлерінің қызықты фактілері туралы өз ауыздарынан естіп, белгілі шығармалардың құрылу тарихын тыңдады, қызықты және талантты адамдармен сөйлесіп, олар туралы жаңа нәрселерді білуге мүмкіндік туды. Қонақтар өз шығармаларын оқып, кеңестерімен бөлісті.

Оқушылар ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқып, «Томирис» тобының орындауында әдемі би биленді, Республикалық ән байқауларының жүлдегері Нуралинов Азрет қонақтарға ән орындады. Директордың міндетін атқарушы Әсем Бекенқызы Каппасова алғыс сөз айтып, ақындарға сыйлық сыйлады.

Павлодар қаласы, № 2 мектептің ДТЖО Г.Ш.Жаменкенова, кітапхана меңгерушісі С.К.Макажанова, кітапханашы А.Р.Жұмалина.



№№21-22

(304-305)

от 30 ноября
2019 года

Шежіре тарату



«Шежіре»-араб сөзі. Қазақ тіліне аударғанда «ағаштың бұтағы» деген мағынаны білдіреді. Қазақтар әрбір адам өзінің арғы тегін кем дегенде жеті атасына дейін тарата білуі керек. Мұны білмегенді ел «жеті атасын білмеген жетесіз» деп сөккен. Сондықтан қазақ баласы әкесінен бастап жеті атасының есімдерін кішкентай кезінен жаттап өсуі тиіс. Қазақ шежірені тарихты айтумен

жаман болсаң жүндейді. Қайын жұртың- міншіл: қолыңның ұзындығына қарайды, жағаңның қызылдығына қарайды, берсең жағасың, бермесең-дауға қаласың. Нағашы жұртың-сыншыл: жақсылығыңа сүйінеді, жамандығыңа күйінеді, әрқашан тілеуіңді тілейді, тілеуқор қамқоршы болады. Туыстық негізбен атау-



бір деп есептеген.

Жеті ата

«Жеті ата» (ғұрып). «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер». Әр адамның жеті атасын білуі-көрегенділігі мен білімділігін, ата көргендігін танытады. Білмесе-«жеті атасын білмейтін- жетесіз» деп сөккен. Жеті атаны үйрету-әр ата-ананың басты борышы. Мысалы: өзі, әкесі, атасы, бабасы және оның арғы ата-бабасының есімдерін білу жеті атаны білу деген сөз.

Үш жұрт

Қазақ халқының дәстүрі бойынша әр азаматтың үш жұрты болады.

Ол ағайын, яғни өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Бұл үшеуі де жанашыр, сүйеніш, қорғаныш болып саналады.

Халық осы үш жұртына былай баға берген екен.

Өз жұртың- күншіл: бар болсаң-көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды, жақсы болсаң- күндейді,



лар осы үш жұрттан басталып, жақындық, іліктік қатынас «ағайын», «туыс», «нағашылы-жиенді», «жамағайын», «жекжат», «жұрағат», «құдандалы» деп аталады.

Мұны бір сөзбен «туыстық атау» дейміз. Қазақтар жүзге, тайпаларға, руларға бөлінгенімен бірін-бірі бөтен санамаған.

Ағайын жұрт

Ағайын-туыс деп бір рудан, тайпадан өсіп, өрбіген ұрпақтар қауымы мен бірлігін айтады.

«Ағайын»немесе «туыс» деп те атала береді. Бұлар бір қауым, бір ауыл болып, бір-біріне

қамқорлық жасап, қиын сәтте қол ұшын беруге міндетті. Туыстар тату, бірлікшіл, бір-біріне қорғаныш болуы керек. Туыстар жеті атаға дейін туыстықты үзбейді және қыз алыспайды.

Жеті атаға толғаннан кейін ру ақсақалдары жиылып, боз бие сойып, баталасып, қыз алысып, қыз беруге рұқсат етеді. Бұл дәстүр бүгінге дейін сақталып әрі жалғасып келеді.



Қазақ халқы тек руласын ғана емес одан әрідегі қандас тайпалардан тарағандарды да жақын тартып туысқан болады.

Ата (ер)-әкенің әкесі.
Әже (әйел)-әкенің шешесі.
Әке (ер)-отбасының иесі.
Ана (шеше)-өзінді дүниеге әкелген адам.

Бала (ұл қыз)-ата-анадан тараған ұрпақ.

Немере- ұлдың баласы.

Шөбере-немеренің баласы.

Ағайындылар-бір ата-анадан туған ұл мен қыздар.

Аға (ер)-бір әке-шешедентуған (немесе ағайын туысқандардың) жасы үлкен жігіт өзінен кішілерге «аға» болады.

Іні (ер)- ағайынды адамдардың жасы кішісі үлкендеріне «іні» болады.

Апа (әйел)- бірге туған және

Кейде жиен нағашыдан үлкен болуы мүмкін.

Нағашы жұрттың еркек-әйелдерінжиендері «нағашы аға» «нағашы апа», «нағашы женге», «нағашы қарындас», «нағашы іні», «нағашы ата», «нағашы әже» деп атайды.

Жиен- қыздан туған бала. Нағашы ауыл үшін ерке, аса қадірлі. Ол нағашыларынан үш рет қалаған нәрсесін алуға құқылы. Оған ұрысуға сөзін кекетуге болмайды.

Жиеншар-жиеннен туған бала. Ол да әкесі сияқты жиендік ғұрыпты жалғастырады.

Бөле-апалы-сіңілі қыздардың балалары бір-біріне «бөле» болады.

Бір-бірімен өте тату болады.



туысқандардың жасы үлкені өзінен кішілерге «апа» болады.

Қарындас (әйел)-Ағайындылар ішінде жасы кіші қыз ағаларына «қарындас» болады.

Сіңілі (әйел)-ағайынды қыздардың кішісі үлкендеріне сіңілі болады.

Жеңге (әйел)-ағаның әйелі.

Қайын іні (ер)-жеңгелер үшін күйеуінің інілері «қайын іні» болады.

Қайын сіңілі (әйел)-жеңгелер үшін күйеуінің қарындастары «қайын сіңілі» болады.

Келін (әйел)-інінің әйелі келін деп аталады. Бала мен немеренің әйелдері «келін бала» болады.

Абысын (әйел)- ағайынды жігіттердің әйелдері бір-біріне «абысын» болады.

Нағашы жұрт

Нағашы-ананың төркін жұрты балаға (жиенге)нағашы деп аталады. Нағашы жұртың «сыншыл» дейтін жұрттың ішіндегі ең сыйлысы осылар. Олар жиенін әрқашан еркелетіп, сұрағанын беріп отырады. Тек туған нағашысы ғана емес, сол рудың барлығыда жиенге нағашы деп аталады. Нағашының жолы үлкен. Нағашы жиенін күндемейді, керісінше оның азаматтығы мен ізгі істеріне сүйініп, мақтанып мақтап отырады. Нағашылық жасқа қарайды.

Қайын жұрт

Құда (ер)-қыз алып қыз беріскен ер адам «құда» деп аталады. Құдалар-қазақ арасында өте сыйлы құрметті адам. Үнемі тек төрден орын беріледі.

Құдағи(әйел) құданың әйелі және өзге де құдалар жағының әйелдері

«құдағи» деп аталады. Олда өте сыйлы, өзге қонақтардан жоғары отырады, ерекше құрмет көрсетіледі.

Қайын ата (ер)-әйел үшін күйеуінің әкесі, күйеу үшін әйелінің әкесі «қайын ата»болады.

Қайын ене (әйел)-әйелге күйеуінің шешесі, күйеуге әйелінің шешесі «қайын ене» болады.»

Құдаша (әйел)-жасына қарамастан құдалар жағының қыздары «құдаша» болады.

Құда бала (ер)-Құданың ұлдары «құда бала» болады.

Күйеу (ер)-бір рудың қызын алған жігіт сол елге «күйеу» болып есептеледі.

Жезде (ер)-әйелдің інілері мен сіңілілеріне оның күйеуі «жезде» болады.

Балдыз (ер, әйел)-әйелінің інілерімен сіңілілері «балдыз» деп аталады.

Бажа (ер)-апалы-сіңілілі қыздардың күйеулері бір-біріне «бажа» болады.



№№21-22
(304-305)

от 30 ноября
2019 года



Сұлужон жалпы орта білім беру мектебіндегі оқушылардың күзгі демалыс кезінде бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында Екібастұз қаласындағы дельфинарийге саяхат ұйымдастырылды. Қаратеңіздік дельфиндер мен

итбалықты тамашалаған оқушылар мез-мейрам болды. Дельфиндердің әні, баскетбол ойнағаны, сақиналардан секіруі, итбалықтың тамаша биі, көрермендермен ойындар, балалардың айтуынша, көрсетілген таңғажайып шоу бәрін ұмыттырып, ұмытылмас мәңгі есте қаларлықтай әсер қалдырды. Жаттықтырушының берген әр тапсырмасын бұлжытпай орындайтын дельфиндердің шеберлік трюктары бәрімізді таңғалдырды. Көрсетілім соңында оқушылар дельфинді өз қолдарымен си-



пап, естелікке фотоға түсіп, тағы бір мәрте қуанышқа ие болды. Балалардың қуанышын көріп,

сыңғырлаған күлкісін естудің өзі бір бақыт! Мектеп әкімшілігі мен ата-аналардың де меушілігі мен ұйымдастырылған Дельфинарийге саяхат – оқушыларға ұмытылмас сыйлық болды. Балаға тәрбие мен білім беруге атсалысқан Мусалимов Жанат, Ажибаев Рымбек, Каликов Нұрболат сынды ата-аналарымызға шексіз алғыс айтамыз.

Сұлужон ауылы, Айгүл Аманжолқызы

Алтын мезгілдегі демалыс

Міне, көз жұмғанша күз де жетті, оқу жылдың бірінші тоқсаны аяқталып, бәріміз демалысқа шықтық. Дала мұңлы ауа – райына толы болса да, жаным жылы сезімдерге толы. Себебі мен отбасыммен біргемін. Түс болып, күн жылыған сәтте далаға шығып, достарыммен бірге күліп – ойнап, бір сергіп қайтамын. Демалыс болса да, сабақ оқып ойымды жаттықтырамын және де ата – анама көмектесуге арқашанда да-

ярмын. Әр мезгілдің өз ерекшелігі бар деп бекер айтылмаса керек. Күз өзінің суық, аспанның қара күйімен қамталғандығымен ерекше. Осыған қарап менің шабытым жанады. Менің алтын мезгілді демалыс уақытым керемет өтуде деп ойлаймын.

**Баянауыл ауданы
Сұлужон ауылы
Сапарғали Мәди,
2 – сынып оқушысы**

Ата – ана жанында бала бақытты

Міне, күзде келді. Күн қысқарып, түн ұзарды.

Аспаннан бұлттар қаптап, сіркіреп жаңбыр да жауып тұр.

Күн сирек көрініп, аз жылытады. Анда-санда таңертең салқын болып қояды.

Ағаштардың жапырақтары сарғайып түсіп шөптер де қурап қалған. Осындай керемет мезгілде біз демалысқа шықтық. Күзгі демалысымда мен ел, жер араладым деп айтпаймын.

Бірақ мен демалысымды анам және әкеммен өткіздім.

Ана мен әкенің жанында болуға не жетсін.

Менің демалысым үйде ана-ма қол үшін беріп, сыртта әкеме қолғанат болумен тәмамдалды.

**Баянауыл ауданы
Сұлужон ауылы
Ақынбекұлы Сұңқар,
2 – сынып оқушысы**

Менің демалысым

Әне-міне дегенше күз де келді. Оны мен күнтізбеден ғана емес, ауа-райынан байқадым. Күн лезде суытты, ертең тіпті қар жауады деген болжам да бар. Ауа райының өзгеруі адамдардың көңіл-күйіне қаншалықты әсер етеді екен. Бәлкім терісі қалың, тоңмойын адам суықты да, жапырақтардың сарғайып құлап түсіп жатқанын да елемей де мүмкін. Осындай мезгілде біз демалысқа шықтық. Демалысқа шыққан уақытта мен ең бірінші саяхатты Бірлікке ба-стадым, себебі онда менің асыл әжем мен атам тұрады. Екінші саяхатымыз Баянауыл болды, онда менің нағашы атам және әжем

тұрады. Ата – әжелеріме барып, қал – жағдайларын біліп, көңілім бір жай тапқандай болды. «Өз үйім өлең төсегім» деп халқымыз бекер айтпаса керек, саяхаттап болған соң үйімізге келдік. Келесі күні әкем мені және ағамды Екібастұз қаласына дельфинарийге апарды. Дельфинарийге жасаған саяхатымыз көптеген қызықтарға толы болды. Жалпы, демалысым маған өте қатты ұнады.

**Баянауыл ауданы
Сұлужон ауылы
Ерсін Дарын,
2 – сынып оқушысы**

Қызыққа толы демалыс



А у ы л т а б и ғ а т ы қызғылт – сары кілемге ж а й ы л у д а . Ағаштар жа-сыл қамзолын шешіп қысқыға дайындалуда.

Мен бұл шығармада менің күзгі демалысым тура-лы баяндағым келеді. Үйімізде отбасымызбен бірге жылы шаңырақтың астында, бірге теледидар алдында фильмдер тамашалап, дастархан басын-да барлығымыздың басымыз қосылып, әңгіме құрудан біздің ағам екеуіміздің демалысымыз

осылай басталды. Және Екібастұз қаласындағы дельфинарий-ге саяхат жасаумен жалғасты. Онда дельфиндердің әні, ба-скетбол ойнағаны, сақиналардан секіру сәті, итбалықтың өз өнерін көрсетуі, көрермендермен қылықты ойындары маған өте қатты ұнады.

Осындай саяхат ұйымдастырған анам Дина-ра және әкем – Жанатқа алғыс айтқым келеді. Менің күзгі де-малысым өте керемет өтті деп айта аламын. Күзгі демалысым жүрегіме ыстық сезім ұялатты.

**Сұлужон ауылы
Сапарғали Әли,
2- сынып оқушысы**

Казахстан

Не перестану я любить свой Казахстан.
Смотрю на Родину красивыми глазами.
Здесь голуби летают в облаках,
А солнце жарко греет нас лучами.

Как описать красу твою земную?
Не хватит даже всех приятных слов.
Красив и снежный барс,
Живет он в скалах...

Орёл парит под небесами,
А волки стаями живут.
А мы все дружные, родные
Под мирным небом мы живём.

Спасибо, я сказать за это
Сегодня предкам я хочу.
За счастье, за кусочек хлеба
Вас всех сейчас благодарю.

**Макенов Диар,
1 «И» класс
СОШ 43 г.Павлодара**

Нет Родины красивее на свете,
Родных просторов края не видать,
Но самой лучшей родиной на свете
Тебя считаю я, мой Казахстан.

В тебе красивы реки и озёра,
Леса кругом, и степи, и моря.
Особенно люблю тебя, мой милый,
За города, деревни и поля.

Красивы города у нас и села,
Красив Баян-аул и Джасыбай.
Спасибо, Казахстан, тебе, мой милый,
За то, что ты со мной и навсегда!

**Саябаева Дилара,
1 «И» класс СОШ43
г.Павлодара**



Алтын күз



Сап-сары маңай,
Сап-сары тоғай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Алақай, алақай,
Шаттанады балақай.
Күз түсті, дән түсті,
Айтамыз саған алғысты.

Қамба толды астыққа,
Алғыс саған алтын күз.
Бір уыс дән шештің та,
Қап-қап қауын алдық біз.

Көк майсалы көрікті,
Алқаптағы көп егін.
Бұл күндері киіпті
Сары жібек койлегін.

Ғабитжан Диана

Күзде СҰЛУЛЫҚТЫ сақтамаса, ҚЫСТА мүлде қиын болады



қолайсыздығынан сақтауға септігі тиеді деп есептейді. Жел, жаңбыр және осыған ұқсас түрлі табиғаттың құбылыстарынан айтарлықтай қорғауға атсалысады.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Қол терісіне міндетті түрде күтім жасаңыз. Күз басталысымен қол күтіміне ерекше назар аударыңыз. Жуыну заттарының ішінде әсіресе, иіссабынды көп пайдаланбауға тырысыңыз. Сондай-ақ, қолыңызды тазартып жуып алған соң, кептіріп, соңынан қол терісіне арналған крем жағып жүруді әдетке айналдырыңыз. Және қолдарыңызға жиі-жиі масаж жасап, уқалау әдістерін жасап тұрыңыз.

Ерніңізге де арнайы күтім қажет.

Сіз жақсы білесіз, күзде ерін де өз алдына күтім жасауға мұқтаж болады. Еріндеріңіз жарылып,

Күз келгелі ауа-райы салқындап, теріге міндетті түрде әсер етеді. Суық ауа-райы, жел мен жаңбыр әлбетте терінің ашық тұрған жеріне кері ықпалын тигізеді сөзсіз. Сондықтан, теріні қалыпсыз ауа-райының кері әсерінен қорғау өзіңізге байланысты. Күз маусымында бет терісінен бастап, шаш пен қолдың да мұқият күтімді қажет ететіні белгілі.

Мамандардың айтуынша, күз мезгілінде пайдаланылатын косметика құралдарының қатарында әртүрлі, хош иісті майлардың анағұрлым көбірек болғаны маңызды. Өйткені, бұл айларда терінің құрғауы орын алады. Май-

пигментті дақтардан зардап шегетін әрбір адам мұны есінде сақтауы тиіс. Мүмкіндігінше күз мезгілінде ашық жерде, далада, күннің астында ұзақ уақыт бойы жүруден бас тартыңыз. Сонымен қатар, құрамында SPF көрсеткіші 10-15 дәрежесіне тең келетін кремді міндетті түрде пайдаланыңыз. Мұндай кремдер бет терісін жаңадан пайда болатын пигментті дақтардан қорғайды. Нәрлендіруші МАСКАға мән беріңіз! Күз мезгілі ауа-райы жайсыздау болғандықтан, терінің құрғап, жарылып кетуіне ықпал етеді. Сондықтан, бұл мезгілде бет пен қол терісі үшін пайдаланылатын маскаңызға жіті мән



лы косметика құралдары әлбетте құрғақ теріні ылғалдандырып, нәрлендіруге көмектеседі. Күзгі күтімнің ең маңыздысы қандай? Дұрыс күтім жасау үшін неден сақтану керек? Нені қолдану керек? Тікелей күннің сәулесінен қорғану Күн сәулесінен қорғану тек қана көктем-жаз айларында ғана қажет деп ойлайтын адамдар аз емес. Бірақ, терідегі

беріңіз.

Күз жеміс-жидектердің пісетін мезгілі, сондықтан, одан жасалатын маска сізге қолжетімді әрі тиімді, нәтижесі де анағұрлым жақсырақ. Қияр, жүзім, кепкен жемістерді жиі тұтыну ұсынылады. Себебі, дәл осы жемістердің құрамындағы дәрумендер тері үшін өте пайдалы. Ағзаның саулығын арттыруға күш жұмсаңыз! Тері сау, әдемі көрінуі үшін ішкі ағзалардың саулығы да маңызды рөл атқарады. Тек қана күзде емес, жылдың әр мезгілінде, күн сайын үзбей 2 литр су ішуді әдетке айналдырыңыз.

Өйткені, су-теріні қоректендіреді және ағзадағы артық токсиндерді айдап шығарады.



Ал, ішкі ағза таза болса, тері де таза, әртүрлі пигментті, бөрткен дақтардан ада болады. Күнделікті тұтынып жүрген азық, тамақтану рационыңызға А, С, Е дәрумендеріне бай тағам түрлерін енгізіңіз. Атап айтсақ, сәбіз, жұмыртқа, бауыр, жаңғақ, балық, қызанақ және цитрусты жеміс-жидектер. Осы өнімдер терінің серпімділік қасиетін сақтауға, иммунитетті нығайтуға бірден бір себепкер.

МАКИЯЖ

Косметолог мамандарының пікірінше, күзгі макияжды жасауда шекара болмауы тиіс. Өйткені, бет терісіне жағылған түрлі косметикалардың, яғни, макияждың теріні ауы-райының

тілімденіп кетпес үшін, ерніңізге далап жақпастан бұрын, арнайы ерінге арналған бальзам немесе қарапайым вазелинді жағып қойыңыз.

Шаш күтімі жайында да ұмыт қалдырмаңыз.

Себебі, дәл осы мезгілде шаштың түсуі, ұштануы, құрғақтықтың әсерінен сынғыштығы жиі орын алады. Осындай мәселелердің алдын алу үшін аптасына бір рет шашыңызға арнайы маска жасаңыз. Өте оңай әрі тиімді тәсілі- жұмыртқа маскасы. Жұмыртқа маскасы шаштың түбін берік етіп қана қоймай, жылтыратып, қалыңдата түседі.



Ақпарат ERNUR.KZ сайтынан алынды



2019 жылдың 14 қараша күні Оқушылар сарайында «Алтын адам-біздің мемлекетіміздің құндылығы» атты эссе интернет-конкурсы өткен болатын. Барлық жеңімпаздар дипломдармен марапатталды. Бүгін сіздерге сол жеңімпаздардың жұмыстарын ұсынамыз.

Главный символ Казахстана

Золотой человек - достояние нашего независимого государства. Это не только самое известное археологическое открытие в истории Казахстана, ставшее неотъемлемой частью символики нашей страны, но и след эпохи, несущий в себе культурную ценность, это кладезь национальной духовности.

Около 50 лет назад в 50 километрах от Алматы на окраине города Иссык, группой казахстанских учёных под руководством Кемалы Акишевича Акишева, была сделана находка века - единственное на территории Казахстана нетронутое погребение сакского вождя, с полностью сохранившимся церемониальным золотым облачением.

Идеально сохранившееся расположение всех элементов ко-

стюма «Золотого человека» позволило ученым провести точную реконструкцию погребального наряда сакского вождя. Большинство золотых бляшек и пластин, украшавших кафтан и голенища сапог, сделаны не из чистого золота, это деревянная или бронзовая основа с закрепленными на ней тонкими листами золота. Этот аналог современной золотой фольги был изготовлен в древности особым методом литья. Многие украшения, выполненные в скифо-сибирском зверином стиле, имеют форму диких животных: барсов, архаров, оленей, тигров, львов, волков, коней. Все это свидетельствует о высоком уровне развития ремесла и искусства, мастеров эпохи «Золотого человека».

Сегодня Золотой человек –

один из главных символов Казахстана.

Он находится в столице Казахстана – в Государственном музее драгоценных металлов в Нурсултане, как один из главных экспонатов.

Ежегодно, в этот музей ювелирного искусства, приезжают тысячи зарубежных туристов, что является подтверждением значимости национального «сокровища» и интереса иностранных граждан к казахской культуре и наследию.

В наши дни «золотой человек» стал национальным символом, формирующим чувство патриотизма и гордости у настоящего поколения, которое с помощью объектов наследия передаст историю, знания, мысли и мировоззрение будущим поколениям. Ценности и смыслы прошлого и

все то, что оставлено нам прошлыми поколениями, органически включено в новую культуру и уже в новой культуре путем переосмысления, трансформирования рождается что-то новое, значимое, но сугубо национальное и уникальное.

Самое важное и ценное из этого в дальнейшем также обретет бессмертность и будет передаваться от эпохи к эпохе.

Каждый из достойных граждан своего государства, растет и развивается в глубоком знании языка и истории своей страны, в понимании и уважении дел старших поколений, которые век за веком отстаивали независимость и процветание родной земли.

**Власова Ангелина,
СОШ № 29**

Алтын адам-біздің тәуелсіз мемлекетіміздің игілігі



Әлемде тәуелсіздіктің туын биік көтеріп, егемен ел болып өмір сүріп отырған 200-ден астам мемлекет бар. Тарихтың ауыр қыспағына төтеп беріп, бодандықтың құрсауын бұзып шыққан қазақ елі де осы екі жүздіктің бел ортасынан орын алады. Халқымыз егемендікке қол жеткізген алғашқы жылдары жас мемлекетіміздің баға жетпес құндылығы – тәуелсіздікті дәріптеп, абыройын асқақтатып тұратын ескерткішке зәру болды.

Бірде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Мысыр еліне жасаған сапарында тәуелсіздіктің құрметіне қойылған Луксор қаласының қақ ортасындағы монументке көзі түсіп, дәл сондай ескерткішті елімізде де орнатсақ деген ойға келеді. Кейінірек бұл ойын белгілі сәулетші Шота Уәлихановқа жеткізіп, жаңа туындының салынуы жөнінде шешім қабылданады. Осылайша, халқымыз егемендіктің бес жылдық белесінен асқан тұста, Алматы қаласының Республика алаңында Күләш Байсейтова мен Қаныш Сәтбаев көшелерінің қиылысында «Тәуелсіздік монументі» бой көтереді. Оның Алматының Республика алаңында орналасуының өзіндік мәні бар. Ескі шаһардың бұл орталығы талай тарихи сәттердің куәсіне айналғаны баршаға мәлім ғой. Бүгінгі бейбіт күнімізге

себепші болған кешегі желтоқсан оқиғасы дәл осы жерде өткен. Қазақтың қайсар мінез қыз-жігіттері орталық алаңға шығып, өз талап-мүдделерін ашық айтып, бейбіт ереуіл жасаған еді. Ұлт санасын сілкінткен бұл тарихи оқиғаның жаңғырығы әлі күнге басылар емес. Бүгінде жерасты сауда, ойын-сауық орталығы ашылып, алаң гүлзар баққа оранғанымен, сонау 86-ның қаһарлы қысында дәл осы жерде талай боздақтардың тағдыры қиылып, тәуелсіздік жолында ажал құшқанын халықтың естен шығармасы анық. 1996 жылы бой көтерген монумент сол өткен тарихтың ақтаңдақ беттерін мұнда келген жолаушының есіне салып, өткенге көз жүгіртуге итермелейді.

Шоқан Уәлихановтай дара тұлғаның ұрпағы болып саналатын Шот-Аман Ыдырысұлы өзі жетекшілік етіп, Әділет Жұмабаев, Нұрлан Далбай сынды мүсіншілер мен Қазбек Жарылғаптай дарынды сәулетшілердің басын қосып шығармашылық топ құрады. Осы ұжым жедел түрде жаңа ескерткіштің жобасын әзірлеуге кіріседі.

Монументтің жалпы биіктігі 180 метрді құрайды. Ал оның орта тұсындағы көне тарихи жазбалары бар тақтаның ұзындығы – 28 метр. Мәдени ескерткіштің негізгі бөлігі ең биігінде орналасқан. Басыңды көкке бұрып, монументтің жоғары тұсына көз жіберсең, сирек кездесетін барыс жануарының үстінде тұрған, ұзындығы 6 метрді құрайтын «Алтын адамды» көресің. Бұл мүсін елдегі мемлекеттік биліктің алып күшін, айқын болашағын бейнелейді. Жалпы, бұл өнер туындысының әр бөлігінің астарлы мәні бар. Тастағы жазбалар, көркемделіп құйылған торкөз кесіндемелер ел тарихындағы ірі оқиғалардан хабар береді. Мұнда Томирис билік еткен тұстан бастап, қазақ хандығының қалыптасу кезеңі, жоңғар шапқыншылығы, ұлт-азаттық көтерілістер, ашаршылық кезеңдері мен екінші дүниежүзілік соғыс, желтоқсан көтерілісі және көптен күткен тәуелсіздіктің жариялануы көрініс-суреттер арқылы

бейнеленіп, өзінің ұтқыр шешімін тапқан. Ал монументтің ең төменгі тұсындағы мемориал тақтайға Елбасының ант беру кезіндегі Ата заңға қойған қолының таңбасы мен сөзі түсірілген. Мұндағы

тақтаның бір тұсында «Қоғамдағы татулық пен келісім әр адамның лайықты өмірі мен еңбегін қамтамасыз етеді. Еркіндік –

бассыздық емес, әділдік пен құқықтың салтанаты» деп жазылған. Бұл тұңғыш президентіміз – Нұрсұлтан Әбішұлының сөзі. Дәл осылай

мұндағы өзге де құлпытастарға белгілі тұлғалардың ғибратты сөздері ойып жазылған. Төменде діңгектің төрт жағында дүниенің төрт бұрышына қарап тұрған мүсіндер бар. Бұл даналықтың көзі болған ақылгөй ақсақал мен бәріне құшақ жайған, жүрегі кең Жер - ана және құлынға мінген ойын баласы мен кішкентай қыздың бейнесі. Осы мүсіндер өзінің шығармашылық шешімін, астарлы ойын шебер үйлестіріп, сәулет өнерінің озық үлгісін танытып тұрғандай. Жоба авторлары ескерткішті орнату барысында Күләш Байсейтова атындағы көше бойында орналасқан ескі субұрқақтар мен архитектуралық пішіндерді сақтап қалған. Әділет Жұмабай осы туындысы хатқында: «Мен Алтын адамның хатқына жануар болса дедім, оның ішінде барыс болса деп ойладым. Себебі ол - заңғар биікте ғана ғұмыр кешетін айбары бар аң» деп жасалу тарихынан сыр шертеді. Мүсінші бірінші нұсқа-қасында барысты Алтын адам қасында жіпке байланғандай етіп жасаған. Бірақ сәулетші жобалаған монументтің үстінде орнатылуға бұл нұсқа-сы келмегендіктен, басқа түрін жатсау-ға бел буған. «Барыс үстіндегі Алтын адам»

се-жілді мүсіндер ежелгі Персия, Месопотамия т.б. көне елдерде болғаны тарихтан аян. Аталған елдердің мүсіншілері «патшаны арыстанның не ба-рыстың үстіне орналастырып» жатсайтын



болған» дейді үнемі жан-жақты ізденіп, сауаттанып жүретін мүсінші бір сөзінде. Бойында қазақилығы атойлап тұратын Әділеттің қашанда «ұлт үшін, қазақ үшін» деген ұранда бол-ған-дығы жасаған құнды дүниелерінен айқын көрінеді. Сондықтан да Тәуелсіздік монументіндегі «Алтын адамды» жай ғана тұрған Алтын адам емес, қиял қанатында қалықтап бара жатқандай әсерге бөледі.

Осылайша, санаулы жыл ішінде Елбасы жобасы жүзеге асып, орталық алаңның қақ ортасынан Тәуелсіздік монументі тұрғызылып, 2001 жылы үкіметтің шешімі бойынша Республикалық маңызы бар ескерткіштер тізіміне енгізілді. Тәуелсіздіктің сақшысындай болған «Алтын адам» биіктен айналаны бақылап тұрғанына бүгін міне – 23 жылдай уақыт болыпты. Бабалар аңсаған еркіндіктің құрметіне қойылған бұл ескерткіш әлі де талай ғасырды артқа тастары анық.

**Тоты Нұрайым,
4-сынып оқушысы
«Шарбақты ауданы
әкімдігінің Шарбақты
ауданының Есілбай орта
жалпы білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі**



14 ноября 2019 года во Дворце школьников были подведены итоги областного интернет-конкурса эссе «Золотой человек-достояние нашего государства». Все призеры награждены дипломами. Сегодня мы публикуем работы победителей.

Гордость и достояние независимого Казахстана

Почему «Золотой человек» до сих пор является достоянием Казахстана? Это не простой вопрос, но для начала нужно понять, что представляет собой «Золотой человек»?

С точки зрения археологии, «Золотой человек» - это находка, найденная в 1969 году экспедицией под руководством археолога Акишева при раскопках Иссыкского кургана в 50 км от Алма-Аты.

Если рассматривать объект с точки зрения истории, то «Золотой человек» - сакский воин-цесаревич 16-18 лет. Его называют золотым, поскольку он одет в золотой костюм и украшен изделиями из золота. Также на нем одет золотой головной убор, остроконечной

формы. По мнению Акишева, это подтверждает факт принадлежности воина к сакам-тиграхауда.

Кроме того, в погребении было найдено более 4000 золотых украшений, выполненных в «зверином стиле». Также большую ценность представляет собой серебряная чаша с 26 письменными знаками, которая подтверждает наличие письменности у саков. Так как в кургане найдены оружие, с помощью них ученые смогли определить датировку захоронения - V-III век до нашей эры.

На мой взгляд, «Золотой человек» - гордость и достояние нашего независимого Казахстана, поскольку это говорит об истории нации, берущей истоки ещё

до нашей эры. С каждым годом знание истории страны набирает популярность. Государство всячески поддерживает это. Например, запущена программа «РуханиЖаңғыру», которая позволяет молодежи изучать и познавать сакральные места Великой Степи. Елбасы говорит: «Мы воздаем должное памяти деяниям наших предков, помня о том, что история нашей священной земли насчитывает несколько тысячелетий». Мы должны знать историю своей страны, чтобы передать их своим детям и так из поколения в поколение.

И ведь «Золотой человек» из Иссыкского кургана известен и за пределами Казахстана. Разве

не должны ли мы этим гордиться? Мы суверенное государство с многовековой историей. Нам есть, что рассказать миру о стране и его истории. «Золотой человек» сейчас находится в Государственном музее золота и драгоценных металлов РК в Нур-Султане и каждый день сотни людей приходят увидеть этот экспонат вживую, в том числе туристы нашей столицы. По словам Сервантеса: «История — сокровищница наших деяний, свидетельница прошлого, пример и поучение для настоящего, предостережение для будущего». Так давайте же будем знать историю своей страны и чтить ее.

**Ангелина Яковлева,
11»Б» СОШГ №9**

Алтын адам – біздің басты байлығымыз

Біз тәуелсіз, еркін, егемен елде өмір сүріп жатырмыз. Біздің терең тарихымыз, бай мәдени мұрамыз бар. Мен Кереку жерінің Бауыржан Момышұлы атындағы мектебінің 6 сыныбында оқимын. Мектепте тарих пәні қатты ұнатамын. Жұырда мектебімізде «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында тәрбиелік сағат өткізілді. Тұңғыш елбасының бұл мақаласында еліміздің бай тарихын, басты құндылықтарын білдім. Оның ішінде «Алтын адам» маған қатты әсер берді. Бұл мақаланың ішіндегі «Алтын адам» туралы мәліметтерді зерттей бастадым.

Алтын адам – еліміздің тарихындағы ең танымал археологиялық қазба екен. Есік қаласында табылған сақ жауынгері, біздің еліміздің басты символына айналып отыр. Бұл адамның жасы он алтыда, ал бойы – 165 см болған екен. «Ал-

